**СЕЙЧАС РУКОВОДСТВО ПОРТА КУРЫК ДЕЛАЕТ ВСЕ ВОЗМОЖНОЕ, ЧТОБЫ СОХРАНИТЬ И МАКСИМАЛЬНО ИСПОЛЬЗОВАТЬ ПРОИЗВОДСТВЕННЫЕ МОЩНОСТИ ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ОБРАБОТКИ ГРУЗОВ. СВЫШЕ 150 ТЫСЯЧ ТОНН ГРУЗОВ ПЕРЕВАЛЕНО ЧЕРЕЗ ПАРОМНЫЙ КОМПЛЕКС С НАЧАЛА ГОДА.**

Серик АХМЕТОВ,
генеральный директор порта «Курык»




# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№20-21 (2735-2736)
25/03/2022




## НОВЫЙ МАРШРУТ

**АО «KTZ Express» и финский логистический оператор Nurminen Logistics Services OY подписали меморандум о сотрудничестве, в рамках которого планируется запустить регулярный совместный контейнерный сервис из Китая в Финляндию транзитом через Казахстан и ТМТМ.**



**Айлин БАУРЖАН,**
Нур-Султан

Соглашение о сотрудничестве подписали генеральный директор АО «KTZ Express» Нурлан Игембаев и руководитель компании Nurminen Logistics Services OY Олли Похъянвирта.

В рамках данного документа предполагается развитие контейнерных перевозок по маршруту Китай – Финляндия – Китай транзитом через территорию Казахстана и по Транскаспийскому международному транспортному маршруту. Кроме того, стороны договорились запустить регулярный совместный контейнерный сервис из Китая в Финляндию.

– Текущая ситуация позволила по-новому взглянуть на преимущества железной дороги для глобальной логистики – стабильность, надежность, технологичность и скорость перевозки. Более того, нам открыты новые возможности для кооперации с другими видами транспорта. Используя возможности порта Актау, мы создали новые востребованные мультимодальные продукты, позволившие существенно расширить географию наших сервисов, – отметил руководитель АО «KTZ Express» Нурлан Игембаев.

*Фото Александра ЖАБЧУКА и автора*

## СЕРВИСКЕ СҰРАНЫС БАР

**«Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның «Бригадирлік конверт» сервистік қызметі пайда болғаннан бері оны 131 мыңнан астам адам пайдаланып, хат-хабарларын жолдаған.**

Жөнелтушіден «Бригадирлік конверт» пойыз бастығымен буып-түйілген күйде қабылданып, сол жерде пойыз бастығының қатысуымен мөрленеді. Онда жөнелтуші және алушы туралы мәліметтер: жеке басын куәландыратын деректерге сәйкес аты-жөні, ұялы/қалалық телефон нөмірі, Қазақстан аумағы бойынша жөнелту және межелі станциясы, пошталық мекенжайы, алушының деректері көрсетіледі.

Конверттің көлемі А4 форматынан аспауы және ені 3 см-ге дейін болуы тиіс (тасымалдауға тек қағаз түрінде ғана рұқсат етіледі). Қызмет құны – 500 теңге. Пойыз бастығы түбіртек пен чек береді. Конвертті алу үшін қарсы алушының өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты болуы тиіс.

Қажетсіз болып қалған «Бригадирлік конверт» жөнелтушіге немесе алушыға қайтару туралы хабар берілген күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде сақталады. Кейін теміржол учаскесінің жауапты тұлғасы жөнелтушінің көрсетілген мекенжайына хабарламамен пошта арқылы талап етілмеген хатты жібереді. Ұлттық тасымалдаушы «Бригадирлік конверт» қызметін пайдалануға кеңес береді.

*Ислам ТАЛҒАТ*

**Ерлан АБСАТОВ,**
«KAZLOGISTICS»
Қазақстан көлікшілер одағының бас директоры:



**ҒАЛАМДЫҚ ПАНДЕМИЯ МЕН ЕНГІЗІЛГЕН КАРАНТИНДІК ШЕКТЕУЛЕРІ ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІНЕ ТЕРІС ӘСЕР ЕТКЕН ЖОҚ. КЕЙБІР КЕДЕРГІЛЕРГЕ ҚАРАМАСТАН ӨТКЕН ЖЫЛЫ ҚЫТАЙ-ЕУРОПА-ҚЫТАЙ БАҒДАРЫ БОЙЫНША ТРАНЗИТТІК КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ 732 ЖФЭ-НІ ҚҰРАДЫ**

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СВЫШЕ
**131 000**
ЧЕЛОВЕК ПЕРЕДАЛИ ПОЧТОВУЮ КОРРЕСПОНДЕНЦИЮ, ВОСПОЛЬЗОВАВШИСЬ УСЛУГОЙ «БРИГАДИРСКИЙ КОНВЕРТ» ОТ АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ»

СВЫШЕ
**20 млн тонн**
ГРУЗА ПЕРЕВЕЗЕНО ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ В ФЕВРАЛЕ

БОЛЕЕ
**1000**
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ В СОРЕВНОВАНИЯХ, ПОСВЯЩЕННЫХ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

## Инфрақұрылым

## ЕКІНШІ ЖОЛДАР ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛАДЫ

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы мемлекетіміздің 2025 жылға дейінгі аралықты қамтитын «Қуатты аймақтар – еліміздің даму драйвері» атты ұлттық жобасы шеңберінде ұзындығы 870 шақырымдық Достық-Мойынты телімінде екінші жолды салуды жоспарлап отыр.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан

Жоба 2022-2024 жылдар аралығында жүзеге асырылып, оның барысында 31 станция қайта құрылымдаудан өтеді деп жоспарлануда. Демек, биыл аталған телімде екінші жолдар құрылысы басталады.

Құрылыстың негізгі мақсаты – болжамды тасымал көлемін есепке ала отырып, резервтік қуаттылығын қамтамасыз ету арқылы Мойынты-Достық-Алашанькоу телімдерінің транзиттік өткізу және өңдеу қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ, транзиттік контейнерлік пойыздардың жылдамдығын тәулігіне 1500 километрге дейін ұлғайту болмақ. Құрылыс біткеннен соң Достық-Мойынты телімін электрлендіру көзделуде екен. Ал жобаны Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыру қарастырылуда.

«Үстіміздегі жылдың 15 наурызында «Достық-Ақтоғай-Мойынты-Жарық-Жезқазған-Сексеуіл-Қандыағаш-Ақтөбе-Илецк (Достық-Мойынты теміржол телімінің екінші жолдары құрылысы» теміржол көлігі дәлізін жаңғырту» техникалық-экономикалық негіздемесі бойынша «Мемлекеттік сараптама» РМК-ның №01-0094/22-ші оң қорытындысы шықты. Техникалық-экономикалық негіздеменің бұл түзетіліміне Достық-Мойынты желісінің өткізу қабілетін арттыру қарастырылып, нормативтік іске асыру мерзімі және екінші жол құрылысының күрделілігі ескерілген. Сонымен қатар құрылыс жүргізілетін жылдар ішінде Достық қайта тиеу станциясын жаңғыртуды қоса алғанда, іске қосу кешені түріндегі үш құрылысты жылдарға бөле отырып, қолданыстағы өткізу қабілетінің «тар жерлерін» кезең-кезеңмен жою, жекелеген пункттерді дамыту және құрылыстың аралық кезектілігі бойынша таңдау қарастырылған», – дейді Ірі жобаларды іске асыру дирекциясының жаңа теміржол желісі құрылысы басқармасының бас менеджері Жаңабай Асанов.

Қазіргі кезде жалпы ұзындығы 14 шақырымды құрайтын Саяқ-Балқаш, Тағынқара-Ащыөзек, Ащыөзек-Ақжайдақ, Балқаш-Көкдомбақ телімдері құрылысының бірінші кезеңінің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу бойынша келісімшарт қол қойылуға жіберілген екен.

Сөз орайы келгенде, Қытайда 2021 жылы Цзинхэ-Алашанькоу шекаралық учаскесінде электрлендірілген екінші жолдардың құрылысы басталғанын айтар едік. Бұл өз кезегінде, «Достық-Мойынты» жобасының уақытылы жүзеге асырылып, Қазақстан-Қытай шекарасындағы теміржол инфрақұрылымының қатар дамып жатқанын көрсетеді.

## УЧТЕНЫ ПРЕДЛОЖЕНИЯ

**В АО «НК «ҚТЖ» прошел «круглый стол» по обсуждению концепции антикоррупционной политики на 2022-2026 годы, разработанной в рамках поручения Главы государства. В нем приняли участие работники АО «НК «ҚТЖ», представители Агентства РК по противодействию коррупции и проектного офиса «Адал жол».**

В документе учтены предложения граждан, общественных структур, экспертов, бизнес-сообществ, оставленные на специальном сайте. Так, выработаны подходы по минимизации коррупции через контроль за соответствием расходов и доходов служащих, путем обеспечения транспарентности бюджетных процессов, цифровизации и неотвратимости ответственности за коррупционные проявления. Авторы документа уверены, что без изменения сознания и моральных устоев невозможно прийти к поставленной цели по искоренению коррупции.

– Понимая, что это не быстрые победы, мы обозначаем это как одну из приоритетных задач и заложили комплексные меры по достижению нулевой терпимости к коррупции в обществе через актуализацию Программы модернизации общественного сознания «Рухани жаңғыру», – отметил в своем выступлении заместитель руководителя столичного управления превенции департамента Агентства РК по противодействию коррупции Куаныш Монолбаев.

Кроме того, предлагается внедрить механизм, когда чиновники будут лишаться благ и привилегий в случае совершения коррупционных правонарушений.

В ходе встречи железнодорожниками высказаны предложения по дальнейшему совершенствованию системы противодействия коррупции, которые будут учтены при доработке Концепции.

*Жаслан ИСЛЯМОВ*

## ВСЕГДА НА ПЕРЕДОВОЙ

СНЕГОБОРЬБА

**Зима не уступает свои права, и праздничные выходные практически во всех регионах Казахстана отметились метелями и снегопадом. На фоне сообщений о закрытии автомобильных трасс свою надежность и безопасность в очередной раз доказал железнодорожный транспорт. Благодаря слаженным действиям работников ҚТЖ поезда в эти дни следовали бесперебойно.**



**Любовь РОВБА,**
Нур-Султан

Транспортный коллапс из-за разгула стихии возник в Акмолинском регионе – штормовые предупреждения, новости о многочисленных пробках и автомобильных авариях сменяли одна другую. Поезда тем временем следовали по расписанию. За стабильной работой железной дороги стоит самоотверженный и ответственный труд сотен путейцев и других причастных работников, которые круглосуточно очищают пути и стрелочные переводы от снежных заносов.

Так, 440 работников Астанинской дистанции пути за пять дней выходных с 19 марта убрали 2 016 кубометров снега. На очистке 284 километров главных путей была задействована снегоочистительная техника (СДПМ). Снегоуборочной машиной СМ за этот период осуществлено шесть выгрузок со станционных путей.

– К непогоде мы всегда готовы, поэтому стихию встретили во всеоружии. Монтеры пути оперативно включились в работу по очистке снега. Особое внимание уделялось самым уязвимым местам – стрелочным переводам, где было организовано круглосуточное дежурство. Очистка перегонов и станций от снега продолжается, – отметил начальник производственно-технического отдела Астанинской дистанции пути Алишер Сыздыков.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

rail-news.kz
№20-21 (2735-2736) 25/03/2022

# АҚПАНДАҒЫ КӨРСЕТКІШ ЖОҒАРЫ

Нұрбек БЕКЕН
Нұр-Сұлтан

ЖҮК ТАСЫМАЛЫ

**Ағымдағы жылдың ақпан айында «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісі бойынша жүк тасымалдау көлемі 20,6 млн тоннаны құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 8%-ға артық болып отыр.**

Осы ретте, республикаішілік тасымалдың 5 пайызға артып, 13,2 миллион тоннаны, ал экспорт көрсеткішінің өткен жылмен салыстырғанда 14 пайызға өсіп, 7,4 миллион тоннаны құрағанын көреміз. Қолдағы деректер, бір ғана ақпан айының өзінде 9,4 млн тонна тас көмірдің тиеліп, бұл көрсеткіш өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 13% өскенін айқындай түседі. Соның ішінде, ел ішіне таратылғаны 6,5 млн тонна екен. Ақпанда астық тиелімінің де 29% артып, 881 мың тоннаны құрағаны белгілі болып отыр. Әсіресе, сыртқа шығарылған астық көлемі былтырғыға қарағанда 50% өскен.

Ақпан айында химиялық тыңайтқыштарды тасымалдау 5%-ға немесе 303 млн тоннаға дейін, мұнай жүктерін тасымалдау 3%-ға немесе 1,4 млн тоннаға дейін өскен. Сонымен қатар 1,7 миллион тонна түсті руда, 355 мың тонна қара металл, 710 мың тонна құрылыс материалдары, 1,8 миллион тонна темір және марганец рудалары тиеліпті.

# ОН БІР ПОЙЫЗ ҚАТЫНАЙДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ

**Биыл жазғы демалысын Алакөлде өткізгісі келетіндер үшін тағы бір жағымды жаңалық. Шипалы суымен әйгілі демалыс аймағына жазғы маусымда 11 жолаушылар пойызы қатынайды.**



Айталық, Алматыдан аптасына екі рет «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның №221/222 Тальго «Алматы-2-Достық» жүрдек пойызы қатынаса, тура осы нөмірлі құрамның жүрдек емес жай пойызы да осындай жиілікпен қатынайды. Сонымен қатар жұп күндері №22/6941/6942/41 «Алматы-2-Достық» пойызының ауысып отыруға болмайтын вагондары, «Вагонсервис Алматы» ЖШС-нің № №137/138 «Алматы-Достық» пойыздары аптасына 3 рет, «ТұранЭкспресс» ЖШС-нің №453/454 «Алматы-2- Достық» пойызы да аптасына үш рет қатынайды.

Ал Нұр-Сұлтаннан «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның 2 пойызы аптасына 2 рет және жеке тасымалдаушының 1 пойызы жұп күндері Нұр-Сұлтан-1 және Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол станцияларынан Достыққа қатынайды.

Сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысынан «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның «Семей-Достық», «Өскемен -Достық» бағдарлары бойынша пойыздары тақ күндері және «Ақтоғай-Достық» пойызы күн сайын жүретін болады.

# БАСПАНА СЫЙЛАДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

ИГІЛІК

**Теміржолшылар қаласы атанған Шалқарда қайырымдылық жәрмеңкесі өтіп, көп балалы отбасыға 2 бөлмелі пәтер кілті табысталды. Жүрек жылытар игі шараның ұйымдастырылуына жергілікті вагон депосының ұжымы мұрындық болды.**

Шалқар вагон депосы наурыз мерекесі аясында өткен 10 күндік іс -шара жоспарына сай «Игі істер» күнін, расымен, игілікті де сауапты шараға айналдырды. Шалқардағы теміржол мекемелері аудан орталығындағы техникалық колледж ауласына киіз үй тігіп, қайырымдылық шарасын ұйымдастырды. Жиналған қаражатқа көпбалалы отбасынан шыққан колледж студентіне екі бөлмелі пәтер сатып алынды.

«Әрқашан мейірімділік пен игі істерге толы және ұлттық дәстүрімізбен үндескен бұндай шаралар өз жалғасын таба берсін» деп ақсақалдар бата берді.

Мерекелік шараға барлық ұжым мүшелері қазақтың ұлттық киімін киіп келіп, мереке ажарын аша түсті. Аулаға ағаш үй тігіліп, мал сойылып, қазан асылды, наурыз көже пісірілді. Теміржолшылар ауыл-ауылға бөлініп, ұлттық дәстүрімізге негізделген қыз ұзату, бесікке салу, қырқынан шығару дәстүрлерін сахналап, ойындар ойнатылды.

# ҮЗДІКТЕР САЙЫСҚА ТҮСТІ

БАЙҚАУ

**Наурыз мейрамы қарсаңында Нұр-Сұлтан станциясында «Станцияның ең үздік пойыз құрастырушысы» сайысы өтті. Оған Нұр-Сұлтан, Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол және Қырқыншы станцияларынан 9 пойыз құрастырушы қатысып, кәсіби біліктерін сынға салды.**



Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Нұр-Сұлтан

Әр станцияның үш пойыз құрастырушысынан құралған 3 топ алдымен өздерін таныстырып, одан әрі билет суырып, сондағы сұрақтарға жауап берді. Әр топтың таныстырылымы өзінше ерек болды. Білімі мен біліктілігі сарапқа салынған билет сұрақтарына да мүдірмеді. Екінші шарт бойынша берілген тапсырмаларды шешу, үшінші – логикалық сұрақтар жауабын беру және соңғысы – жылдамдыққа байланысты тапсырмаларды орындау сияқты сынақтардан өтті. Сайыстың әр кезеңі бойынша 1-5 аралығында балл қойылып отырды. Сайыскерлерге Нұр-Сұлтан станциясының кадр жөніндегі менеджері Рахия Мырзалиева, желілік ревизор Жанат Исаков және қауіпсіздік ревизоры Қайрат Бурлинов қазылық етті.

– Елорда бойынша бізде 40 шақты пойыз құрастырушы бар. Солардың арасынан бүгінгі жарысқа тоғыз адам қатысуда. Дәстүрлі байқау жыл сайын мереке қарсаңында ұйымдастырылып отырады. Бұл сайыс «Тежегіш табанына ерекше бақылау» айлығының қорытындысы ретінде өткізілді. Пойыз құрастырушылардың біліміне көңіліміз толды, ережелер мен нұсқаулықтарды, жалпы жұмысын жақсы білетінін дәлелдеді, – дейді Рахия Мырзалиева.

Қатысушыларға «Жолаушылар және пошта-жүк пойыздарына қандай вагондар қоюға тыйым салынады?», «Маневрлік жұмыстар қандай жылдамдықпен жүргізіледі?», «Маневрлік құрам дегеніміз не?», «Маневрлік жұмыстарды басқарушы маневр жұмыстары басталмас бұрын не істеуге міндетті?», «Белгі беру құралдары не үшін керек?» және т.б. кәсібіне байланысты сұрақтар қойылды.

Сайыс қорытындысында командалар бойынша 165 балл жинап, Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол станциясының пойыз құрастырушылары бірінші орын алса, 161 балмен Нұр-Сұлтан станциясының пойыз құрастырушылары екінші орын алды. Ал соңғы орын алған Қырқыншы станциясының пойыз құрастырушылары 145 балл жинады. Ал жеке қатысушылар арасында 3-орынды Қырқыншы станциясының пойыз құрастырушысы Қанат Қарпаев, 2-орынды Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол станциясының пойыз құрастырушысы Дәулетбек Базарбаев алса, Нұр-Сұлтан станциясынан қатысқан Нұрболат Әуесханов жүлделі бірінші орынды иемденді.

*Суретті түсірген автор*

# ҚАРУЫ ОНЫҢ ҚЫРАҒЫЛЫҚ

ҚАУІПСІЗДІК

**Маңғыстаулық тәжірибелі вагон қараушы Берік Ізденовтің айтуынша, ақау табуда дыбыс айырықша маңызға ие. Жақында жүк пойызының вагонынан ақау тауып, қауіпсіздіктің сақталуына кезекті рет үлес қосқан ол «Адал еңбегі үшін» және «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгілерімен марапатталған теміржолшы.**



Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

Маңғыстау ЖТ бөлімшесі директорының орынбасары Ерлан Бүркітов Беріктің еңбегін жоғары бағалады. «Бүгін Маңғыстау станциясындағы ВЧД-33 техникалық қызмет көрсету пунктіне «Қауіпсіздік күні» тексерісімен бардым. Бұл жолы аға вагон қараушы Ерлан Ерековтің ауысымы жұмыс істеді. Ағымдағы жылдың 8 нау- рызында №2774 жүк пойызын техникалық қызмет көрсету кезінде вагон қараушы Берік Ізденов жүк тиелген вагонда қозғалыс қауіпсіздігіне қатер төндіретін ақау – доңғалақ жұбы дискісінің жарықшағын тапқан. Темір жолдың әрбір қызметкері өз энергиясын, таланты мен еңбекқорлығын жұмыста жоғары нәтижелерге қол жеткізуге, сондай-ақ саланы техникалық-технологиялық дамытуға жұмсауы тиіс, біз өз қызметкерлерімізбен мақтанамыз» деп жазады ол әлеуметтік желідегі парақшасында.

Пойыздар қозғалысына ауыр зардап әкелуі мүмкін апаттың алдын алған қырағы теміржолшы Берік Ізденовтің вагон шаруашылығында еңбек етіп жүргеніне биыл 22 жыл. Бір бұл емес, осы аралықта қанша вагонның «сырқатын» анықтап, апаттың алдын алды.

– Күндізгі ауысымда вагондарға тексеру жүргізіп келе жатып, вагон доңғалағын балғамен ұрғанда анық таза емес, құмық дыбыс шыққанын байқап, анықтай келе дискте жарықшақ бар екенін таптым. Ақаусыз болса, ұрған кезде хрустальдай таза дыбыс шығуы керек. Сондықтан ақау табуда тек көздің қырағылығы ғана емес, құлақтың да дыбыстарды ажырата алуы маңызды, – дейді ол. Еңбек жолын слесарь болып бастаған Берік қазір 6-разрядты вагон қараушы.

*Суретті түсірген автор*

# СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ

КӘСІБІ-НӘСІБІ

**Алмаз Нарбаев – Жамбыл вагон пайдалану депосының тәжірибелі машинист-краншысы. Жамбыл ауданындағы Пригородный ауылында туған жігіттің бойы тұнған өнер.**

Асхат РАЙҚҰЛ,
Тараз

Бүгінде вагон депосының мақтаулы маманына айналған қырықтың бесеуіне келген жігіттің о бастағы мамандығы тері-жүн технологиясы бойынша мастер екен. Әкесі Өмірбай марқұм кеңес заманында Тараз қаласындағы аты дүрілдеп тұрған тері-жүн комбинатында өмір бойы шебер болған ғой. «Ол кезде қайдан білейік, уақыттың ай секілді төңкеріліп кетерін. Әкем сияқты шебер боламын деп тері-жүн маманының оқуына түскен жоқпын ба?» дейді Алмаз краншы. Оқуын бітіріп, әскерге барып келгенше әкесі дүниеден озады. Әкесінің құрдасы Сәбит мұны жетектеп отырып осы депоға слесарь етіп жұмысқа орналастырады. Бұл 1996 жыл еді.

«Содан бері зымырап ширек ғасыр өте шығыпты ғой. Сол жылдары депода Ержан Дибеев деген шебер болды, кейін зейнет демалысына шығып кетті. Ержан ағамның қамқорлығын көп көрдім, тәжірибесін молынан сіңірдім. Ондай ұстаздар өте сирек бүгінде, жоқ десем де болады. Сол



Ерекем «Балам, тілімді алып, ақылымды тыңда. Мен саған жолдама алып берейін, оқып ал» деумен болды. Уәдесінде тұрып, бөлімшеден жолдама алып берді. Солай Тараз теміржол колледжінде екі жыл он ай білім алып, дипломды теміржолшы болып шыға келдім» деп әңгімелейді Алмаз Нарбаев. Кейінірек Қарағанды қаласында біліктілігін жетілдіріп, арнайы сертификат алды.

«Кеңес заманында жұмысшыларға деген көзқарас бөлек еді ғой. Десе де, қазіргі ахуалымыз да жаман деуге келмейді. Күні кеше айлық жалақымыз көтеріліп, қуанып жатырмыз. Мұны еліміздегі қарапайым еңбек адамдарына деген оң көзқарастың қалыптаса бастағаны деп ұқтық. Лайым, жалғасын табар», – дейді кейіпкеріміз.

Алмаз ұжымындағы мамандардың бәрі сайдың тасындай іріктелген кәсіби екенін айтып мақтанды. Мақтанған жоқ-ау, расы солай дейді. «Шымшық сойса да, қасапшы сойсын» демей ме? Біздің қырық бірдің (ВЧД-41) жігіттері шетінен кіл мықты. Айтайын, автоматшы Бауыржан Мінберов, слесарь Заманай Романов, бригадир Вахаб Исмайлов, шебер Руслан, дәнекерлеуші Коля, жалпы, мамандарымыздың қай-қайсысы болса да өз істерінің білгірі», – дейді. Ал Алмаздың өзі домбыраны да, гитараны да, баянды да тарта беретін, қазақтың қоңыр дауысымен әуелетіп ән салатын, нағыз сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Өнеріне тәнті болып таң қалып, таңдай қақтық. «Ән айтатынымды жазбай-ақ қой, бастықтар жұмыс істемей, ән айтып жүреді екен деп ойлап қалар. Әйтпесе, жұмыстың жөні бөлек, өнердің жөні бөлек қой» деді қоштасарда күліп. Ал біздің ойымыз, Алмаздай өнерлі жігіттер кез келген ұжымның мақтанышы дер едік.

*Суретті түсірген автор*

# ТРАНСПОРТНЫЙ ПОТОК ПРОДОЛЖАЕТСЯ

СОТРУДНИЧЕСТВО

**Генеральный директор Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» Ерлан Абсатов в онлайн-режиме встретился с представителями Ассоциации «Туркмен Логистика».**

**Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**
Нур-Султан

В ходе встречи стороны обсудили вопросы взаимодействия Союза и Ассоциации в транспортно-логистической сфере в рамках подписанного Соглашения о сотрудничестве.

По словам Ерлана Абсатова, в рамках ЕАЭС не наблюдаются проблем в логистике, продолжается транспортный поток, происходит товарообмен.

– По поставкам товаров в страны Европейского Союза железнодорожным и автомобильным транспортом по классическому маршруту Казахстан – Россия – Беларусь – Польша наши машины движутся, есть небольшие задержки, но они особо не влияют на поставки. Мы переориентировали потоки, которые шли через российские морские порты на маршрут ТМТМ. Несколько казахстанских горнорудных компаний решают с казахстанскими портами Актау и Курык вопросы поставки своей продукции по альтернативному маршруту, – рассказал Ерлан Абсатов.



Так, в 2021 году по маршруту ТМТМ железнодорожным транспортом было перевезено 25 тысяч контейнеров в двадцатифутовом эквиваленте. В текущем году планируется существенный рост в этом направлении. В автомобильном сообщении также планируется использовать Middle Corridor.

Кроме того, Союз транспортников Казахстана договорился с прибалтийскими портами об использовании их инфраструктуры для экспорта казахстанских товаров в Европу.

Казахстанская и туркменская стороны согласовали расширение сотрудничества в транспортно-логистической сфере.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

## Паводок

# ПОВОД УСИЛИТЬ БДИТЕЛЬНОСТЬ

**В последние дни в Карагандинском регионе наблюдались обильные снегопады.**

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

Однако выпавшие осадки быстро превращаются в талые воды и могут затопить участки, расположенные вблизи железнодорожного полотна. В связи с этим проводятся противопаводковые мероприятия.



Как рассказал главный ревизор департамента безопасности движения по Карагандинскому участку Булатбек Альмурзаев, на территории Карагандинской области активных процессов таяния не наблюдается, в руслах рек отмечается стабильный ледостав.

– В рамках подготовки к предстоящему паводку ведется повсеместная работа. В населенных пунктах активно вывозится снег. На сегодняшний день вывезено свыше 760 тысяч кубометров.

Усиленно ведутся работы по очистке водопропускных сооружений, очищено порядка 2 700 водопропускных труб.

*Фото автора*

# В ОЖИДАНИИ ТАЛЫХ ВОД

**В связи с аномальным потеплением в Алматинском регионе особое внимание путейцев приковано к пропуску талых вод. Именно они первыми принимают удар от водной стихии.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматинская область

Если в северных регионах еще идет борьба со снежными заносами, то на юге очевидной становится проблема угрозы подтопления. Поэтому путейцы заблаговременно готовились к пропуску талых вод, вскрывали и очищали от снега кюветы, нагорные и водоотводные канавы. Ведь таяние снежных масс представляет серьезную опасность для движения поездов. Если водопропускные сооружения не будут подготовлены, талая вода с окрестных гор, скапливаясь у железной дороги, может не только вызвать обводнение балластной призмы с последующей деформацией рельсовой колеи, но и полностью размыть участок пути. И чтобы предотвратить такое развитие событий, звено монтеров пути заблаговременно провели превентивную операцию по вскрытию нагорной канавы. Кроме того, сформированы противоразмывные поезда на станции Алтынколь и Шелек. Составы полностью укомплектованы всем необходимым оборудованием и материалами, имеются мешки с песком, лопаты, другой инвентарь, 6 платформ с бутовым камнем для укрепления откосов. Сформирован также противоразмывный поезд на станции Бесколь, где одна платформа погружена шпалами в количестве 80 штук, бутовым камнем, а один крытый вагон отведен под инструмент.

Кроме того, установлено круглосуточное дежурство работниками мостовой бригады за колебанием уровня воды в реках. Ежедневно производится осмотр и промер русел рек на больших мостах Тургень, Курчилик, Шарын, Или. Для защиты берегоукрепительных сооружений моста реки Хоргос произведены берегоукрепительные работы и расчистка русла реки.

По словам главного инженера Алтынкольской дистанции пути Кайрата Аймбаева, имеется аварийный запас ГСМ. С перечнем потенциально опасных мест ознакомлены локомотивные бригады, обслуживающие участок Жетыген – Алтынколь.



Подготовка к паводку ведется в тесном взаимодействии со службами ЧС, налажен оперативный контакт с территориальными противопаводковыми комиссиями.

– Повод усилить бдительность – более чем серьезный, ведь опасность весеннего подтопления только усиливает риск. Приняты все меры для сохранности инженерных сооружений, предупреждения деформации земляного полотна, – отмечает Кайрат Аймбаев.

*Фото автора*

# ВРЕМЯ ОСОБОГО ВНИМАНИЯ

**Для обеспечения безопасного движения поездов в период весеннего паводка в филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» проводятся профилактические мероприятия.**

**Руслан РАХМЕТОВ,**
Кокшетау

В постоянном режиме проводятся технические занятия с локомотивными бригадами. Они ознакомлены с перечнем опасных мест на обслуживаемых участках, где могут быть размывы и деформация земляного полотна, обвал и падение скальных пород. Машинисты отрабатывают действия при нештатных ситуациях.



В рамках обучения в эксплуатационном локомотивном депо Жана-Есиль с 24 февраля проведен инструктаж по пропуску ледохода и паводковых вод на участках Жана-Есиль – Саумалколь и Зерновая – Пресногорьковская. Всего при наличии в штате 91 машиниста, 65 помощников машиниста инструктаж прошли 74 машиниста, 50 помощников машиниста. Подобная работа проведена и в эксплуатационном локомотивном депо Курорт-Боровое (ТЧЭ-10). Здесь инструктаж прошли 275 членов локомотивных бригад.

В эксплуатационном локомотивном депо ТЧЭ-11 Астана организованы инструктажи локомотивных бригад перед отправлением в поездку. При обнаружении угрозы локомотивные бригады должны незамедлительно сообщить поездным диспетчерам и дежурным по станции, а также машинистам встречных и вслед идущих поездов об угрозе размыва железнодорожного полотна, скоплении воды внутри колеи, с последующей записью в Книгу замечаний машинистов.

– В целях усиления профилактической работы, направленной на обеспечение безопасности движения в период паводковых угроз, машинисты-инструкторы требуют использовать все кривые участки пути для осмотра поезда, обращать внимание на состояние кузова, крепления, смещения груза, состояние экипажной части вагонов, – отметил главный инженер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Сайран Баржаксин.

К слову, для обеспечения устойчивой работы железной дороги в регионе проверяется готовность очистительных машин, бульдозеров, восстановительных поездов и путевых машинных станций. Особое внимание уделяется состоянию плотин и водосливных устройств.

*Фото автора*

# ГОТОВ К РОСТУ ОБЪЕМОВ

**Любовь РОВБА,**
Нур-Султан

ПОРТ

**Более 150 тысяч тонн грузов перевалено через паромный комплекс ТОО «Порт Курык» с начала года.**

Такие цифры в своем выступлении на конференции «TDK Kazakhstan» в посольстве РК в Азербайджане озвучил генеральный директор порта «Курык» Серик Ахметов.

На конференции обсуждался вопрос увеличения объема грузов, проходящих через казахстанские порты. Участники встречи поддержали инициативу по созданию совместной логистической компании для продвижения ТМТМ.

Руководитель ТОО «Порт Курык» заявил о готовности увеличить объем перевалки грузов в пять раз и нарастить дополнительно в порту до четырех миллионов тонн.

– Сейчас руководство компании делает все возможное, чтобы сохранить и максимально использовать производственные мощности порта Курык для обеспечения обработки грузов через порт. Свыше 150 тысяч тонн грузов перевалено через паромный комплекс с начала года, – сказал Серик Ахметов.

Сейчас через Курык на экспорт отправляются химикаты, металл, металлические изделия и другие грузы. Импорт составляют продукты питания, промышленное оборудование, стройматериалы и т.д.

Транзитом через порт проходит различное оборудование, электроника, текстиль, продукция химической отрасли, изделия из металла и прочее из Китая, Кыргызстана и Узбекистана.

# УЛУЧШИТЬ БЕЗОПАСНОСТЬ

**Ольга УШАКОВА,**
Оскемен

ДЕКАДНИК

**Более 250 работников прошли инструктаж по причинам возможных случаев схода вагонов в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо. Мероприятие прошло в ходе объявленного декадника «Соблюдение технологии роспуска вагонов на сортировочных горках».**

Приказ о его проведении на территории Семейского отделения грузовых перевозок подписал директор Съезбек Алишев на основе телеграфного указания вице-президента ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Марата Шакенова. Декадник был необходим для предупреждения нарушений безопасности движения на территории из-за ее ухудшения в сортировочной системе на некоторых железнодорожных станциях страны.

В ходе декадника было необходимо проводить проверки на станциях Семей, Жана-Семей, Оскемен-1, в локомотивных и вагонных депо, Службе безопасности движения поездов по соблюдению технологии работы в «сортировке».

– 22 февраля мы провели инструктаж с записью в Книге инструктажей по обстоятельствам случаев схода вагонов на станциях Нур-Султан, Тобол, – информировал старший машинист-инструктор Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22) Кайрат Батыргожин. – Всего охвачено 252 работника, в том числе 151 машинист локомотива, 101 помощник машиниста.

Также в депо в самом начале декадника разработали график скрытых проверок, которые проводили руководители ТЧЭ-22. Всего прошло четыре проверки, в ходе которых сделано два замечания.

# С ЗАБОТОЙ О ДЕТЯХ

**Айлин БАУРЖАН,**
Нур-Султан

ПРОФИЛАКТИКА

**На станции Нур-Султан проводится профилактическая акция «Безнадзорный подросток». Ее цель акции – предупреждение и профилактика подростковой преступности, выявление и пресечение фактов вымогательств, продажи несовершеннолетним алкогольных напитков и табачных изделий.**

Железнодорожники совместно с сотрудниками линейного отдела полиции провели среди подростков разъяснение ответственности за совершение уголовных и административных правонарушений, в том числе за совершение боя стекол в пассажирских поездах, наложений посторонних предметов на железнодорожные пути.

В ходе акции трое родителей привлечены к административной ответственности по факту нахождения несовершеннолетних после 24.00 без сопровождения законных представителей, 18 подростков полиция задержала за нарушение запрета курения в отдельных общественных местах. Также рейд позволил выявить и привлечь к ответственности за незаконную реализацию алкогольной продукции и продажу табачных изделий лицам, не достигшим 21 года, 48 субъектов предпринимательства. Кроме того, за переход железнодорожных путей в неустановленных местах транспортным полицейским к административной ответственности привлечены 47 человек.

– Каждый должен не только сам неукоснительно соблюдать правила поведения на железной дороге, прислушиваться к сигналам, внимательно следить за предупреждающими плакатами, и не предостерегать других, и прежде всего детей. Ведь пример взрослых – лучшее средство воспитания у детей уважительного отношения к соблюдению правил поведения на объектах железнодорожного транспорта, – отметил начальник ЛУП на станции Нур-Султан полковник полиции Ермахан Жакипбеков.

№20-21 (2735-2736) 25/03/2022

# НҰРЛЫ ЖОЛДА ӨТКЕН ДҮБІРЛІ ДУМАН

**Шығыс халқының жыл қайыруында күн мен түн теңеліп, жаңару мен жаңғырудың бастауы болған әз Наурыз мейрамын теміржолшылар қауымы ерекше атап өтті. «Нұрлы жол» теміржол вокзалы кешені аумағында алты қанат ақ шаңқан киіз үйлер тігілген этноауылда өткен наурыз думаны елордалықтар есінде ұзақ уақыт сақталары анық.**





**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан

Әрбір киіз үй жанында қазанда буы бұрқырап ет асылып, палау пісіріліп, шоқ самаурынның түтіні бұрқырап жатты. Күннің бет қаритын ызғарына қарамастан қызылды-жасылды ұлттық киім киген халықтың көңіл күйі жоғары, көңілдері көтеріңкі. Бұл жерде найзасы мен қалқанын қатар ұстап, дулығасы басында, ақ сауыты үстінде бойы екі метрлік алып тұлғалы батырларды да, құмай тазы жетектеген саятшылар мен қолына қыран бүркіт қондырған құсбегілерді де кездестіресіз, алтыбақан тепкендердің қызығы өз алдына бір бөлек.

Теміржолшылар биылғы мерекені «Наурыз – көктем шуағы!» атауымен атап өтті. Осы тақырып аясында ұлттық компанияның еншілес ұйымдары мен филиалдары Наурызды жоғары деңгейде атап өтуге тың дайындық жасап, әрқайсысы ұлттық салт-дәстүрлер мен әдеп-ғұрыптарды қамтитын қойылымдар қойды. Айтыс дегенде ішкен асын жерге қояр қазақ, бұл жолы да тапқырлық пен шешендіктің, маржан сөз бен ұтқыр ойдың қазынасы саналатын қыз бен жігіт айтысының куәгері болды. «Жолаушылар тасымалы» компаниясының суырып салма ақындары Данияр мен Шолпан әзіл-қалжыңы мен ащы шындығы астарласқан әдемі сөз қақтығысу ұйымдастырып, жұрт қошеметіне бөленді.

*...Айшолпан қасымызға жақын келді,*
*Семейдің арулары батыр келді.*
*Ағайын қарсы алыңдар*







*дәл қасыма,*
*Тальгоға сыймайтұғын ақын келді,* – деп Данияр Айшолпан қыздың толықша келген денесін нысанаға ала отырып, «Тальго» пойызының да тар екенін қағытып өтсе,

*...Ағайын Томиристей батырмын ғой,*
*Купенің Тальгосына сыймай-тұғын,*
*«Грузовоймен» жүретін ақынмын ғой,* – деп ақын қыз да есесін жібермеді.

Бұдан кейін дүйім жұрт «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-ның сәбилі болғандарына сүйінші сұрап, тәттілерден шашу шашып, бөбекті бесікке салған салт-дәстүрін тамашаласа, тұсаукесер дәстүрін «ҚТЖ Экспресс» мекемесінің ұжымы көрсетті. Ал «Қазтеміртранс» АҚ қызға сырға салып, құда түсу дәстүрін паш етсе, Магистральдық желі дирекциясы үкілеп өсіріп отырған ару қыздарын қазақтың жөн-жоралғысымен ақ баталарын беріп, «Кедентранссервис» АҚ ауылына ұзатты. Сөйтіп ЦЖС пен КДТС мерекелік қойылым бойынша да, шын мәнінде (екі жас, расында да, Алланың қалауымен жақын күндері бас қосқалы отырған жұптар екен, авт.) төс қағысып, құдаласты. Өз кезегінде, Кедентранссервистің азаматтары да аянып қалған жоқ. Беташарды барынша жоғары деңгейде ұйымдастырып, келіннің иіліп сәлем салғанына ҚТЖ басшысы Нұрлан Сауранбаевтан бастап көрімдік берді. Атап өтерлігі, беташардан түскен барлық ақша мекеменің мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларына берілетіні мәлім болды.



Наурыз мейрамын бұқаралық тойлауға арналған алаңдардың бірінде қонақтар дәмі тіл үйірер бауырсақ, палау, наурыз көжеден дәм татса, спорт алаңында теміржолшылар арқан тарту, асық ату, кір тасын көтеру, қол күресі сияқты ұлттық ойын сайыстарында күш таластырып, бақ сынады.

Сонымен қатар, бұл күні теміржолшылардың балаларына да өз өнерлерін ортаға салу мүмкіндігі туды. Яғни балғындар мен жасөспірімдер алаңында балалар ләңгі тебу, асық ату сайыстарына қатысып, қазақ халқының мәдениеті мен тарихы бойынша білімдерін таразыға салған викторина, аквагрим аймағында түрлі әрлендіру шараларында бақ сынады.

Ал көңіл сергіту алаңында жұртшылық Қыдыр ата мен Жер-ананы күтіп алып, ақ батасын алатын театрландырылған қойылымды, билер мен ән-күйлерден құралған мерекелік концертті тамашалады.

*Суреттерді түсірген*
*Александр ЖАБЧУК*

# ҰЛТТЫҚ ДӘМ ҰСЫНЫЛДЫ

**Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің ұйымдастыруымен Ұлыстың ұлы күні теміржол вокзалында келген-кеткен жолаушыларға наурыз көже мен бауырсақ таратылды.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе



Наурыз көже – Ұлыстың ұлы күнінің символы. Жеті түрлі дәмнен жасалатын тағамды ырымшыл халқымыз «құт-береке келсін» деген ниетпен әзірлейді. Ұлттық дәм бұл күні Ақтөбе теміржол вокзалына жолы түскен барлық жолаушыларға ұсынылды. Ұлттық киімде жүріп қызмет жасап, мерекелік көңіл-күй сыйлаған теміржолшылар ақжаулықты аналар мен үлкен кісілердің батасын алды.

«Наурыз мерекесі құтты болсын. Елімізде бейбітшілік болып, жылдан жылға аман жетейік. Жолаушылардың атынан теміржол қызметкерлеріне алғысымыз шексіз. Дастарханымыз кең, асымыз мол болсын. Еңбектеріңіз жемісті болсын, қымбатты теміржолшылар», – десті вокзал алаңына жайылған наурыз көжеден дәм татқан жолаушылар.

«Ұлтымыздың мерейін өсіріп, болмысымызды айшықтайтын қасиетті Наурыз мерекесі елімізге, әрбір отбасына бірлік пен қуаныш, құт-береке, бақыт пен молшылық әкелсін! Карантиндік жағдайға байланысты екі жылдан бері ұлттық мерекемізді өз деңгейінде тойлай алмай келеміз. Еліміз індеттен аман болып, әлемде бейбіт заман болсын», – деді Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің қызметкері Айша Ербайқызы.

*Суретті түсірген автор*

# ДӘСТҮР ДӘРІПТЕЛГЕН КҮН

**Биылғы Наурыз мейрамын Шығыстағы Семей теміржолшылары да өзіндік сән-салтанатымен атап өтті. Желі бойындағы барлық мекемелер ұжымдары арасында мерекені өз нақышына сай тойлады.**

**Қуан ЕРТІС,**
Семей



Дегенмен, ең ауқымды шара, әрине, Семей жүк тасымалы бөлімшесі бас кеңсесіндегі Наурыз тойы болды. Бұл күні бөлімше ауласына жиналған аймақ теміржолшылары талай қызыққа куә болды. Бөлімше басшысы Сиязбек Әлішев пен Семей магистральдық желі бөлімшесінің бастығы Айдын Шәукежанов және салалық кәсіподақ төрағасы Алик Досанов құттықтау сөз сөйлеп, жылы лебіз білдірді. Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қырықбай Әлсейітұлы ақ батасын берді.

Мерекелік салтанат ажарын жергілікті теміржолшылар қауымының өз күштерімен даярлаған мерекелік концерт аша түсті. Әсіресе, Семей станциясы мен НЖС-6 мекемесінің өнерпаздары ән мен жырдан тарту тартып, мереке шырайын аша түсті. Қазақы дәстүрге сай наурыз шашуы шашылып, жиналған көпшілік жылдан жылға аман-есен жете берейік деген ниетпен наурыз көжеден дәм татып, тілек тіледі.

*Суретті түсірген автор*

# НАУРЫЗ – МЕРЕКЕ БАСТАУЫ

**Наурыз мерекесін сыр елінің теміржолшылары ақ таңға ақсарбас айтып, құрбан шалудан бастады. Қызылорда жол дистанциясының ауласында қазан-қазан ет пісіп, наурыз көже дайындалып жатты.**



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Ал Қызылорда локомотив пайдалану депосында сайыстың бірнеше түрінен жарыс ұйымдастырылып, көпшілік арқан тартыс, балуан күрес, асық ату сынды ұлттық өнерді ұлықтады. Магистральдық желі бөлімшесінің жеке шаруашылығында шахматтан жарыс өтті. Бөлімшенің солтүстігіндегі Сексеуіл жол дистанциясында, Қазалы вагон пайдалану депосында, Теміржолсу-Қызылорда мекемелерінде де мерекелік салтанатты шаралар мен түрлі сайыстар өтіп, жеңген де, жеңілген де сый-сияпатқа қарық болып жатты. Кәсіподақ ұйымы еңбек озаттарының марапатталуына мұрындық болды.

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі жеке құрамының теміржолшылары жеті минуттық «блиц» форматындағы шахмат турнирін Көліккәсіподақтың 30 жылдығы мен Наурыз мерекесі құрметіне өткізді. Турдың жеңімпазы машинист-нұсқаушы Асылхан Құланбаев болды. Одан кейінгі жүлделі орынды машинист көмекшісі Нұрлан Есеналиев, үшінші орын жетекші инженер Еркебұлан Смайловтың қанжығасына байланып, барлығы да бағалы сыйлықтарға ие болды.

Енді бір топ жігіттер боз кілем үстінде қол күресінің көрігін қыздырып жатты. Одан кейін депо машинистерінің 6 колоннасынан алты құрам шығып, арқан тарту басталды. Қазалы мен Шиелі айналым деполарынан келген өкілдер кір тасын көтеру, балуан күресіне қатысып жүлде алды. Арқан тартудан 1-орын Нұрғалиевтің колоннасына, 2-орын Шамшиевтің, 3-орын Садықовтың батырларына бұйырды.

Жалпы Наурыз мерекесін жоғары көңіл күймен қарсы алған қызылордалық теміржолшылар арасында жүлдесіз қалғандар некен-саяқ болды. «Бәйге берем жығылған балуанға да, адалдығы сезіліп тұрар болса...» демекші, бейбіт елдің аспанына шашылған наурыз шуағын қарсы алған көпшіліктің дархан көңілі кемерінен асып төгіліп жатты...

*Суретті түсірген автор*

# СӘНІ МЕН САЛТАНАТЫ ЖАРАСЫП...

**Ұлыстың ұлы күні Атырау локомотив пайдалану депосында мереке құрметіне спорттық ойындар ойналып, жеңімпаздар сыйлыққа кенелді.**





**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

Ұлттық киім киген теміржолшылар спорттық сайыстарды тамашалады. Жастар алтыбақан тепті. Ұлттық тағамдар – наурыз көже, бауырсақ, қуырдақ, құрт, ірімшік, қазы-қарта секілді тағамдардан дәм татып, әр бригада машинистері бір-бірімен көрісіп, «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын», «Жылдан аман, айдан есен», «Жаңа жыл құтты болсын» айтысып, мәре-сәре болысты.

«Наурыз мерекесі – халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрі, күн мен түн теңескен ұлыстың ұлы күнін тойлау, оны жаңа жыл деп дәріптеу үлгісі. «Түйе боздап, қой қоздап, қорада шу» деген нақ осы кез. Бұл тойды алғаш тойлағандардың бірі де осы сіз бен біз, теміржолшылар ұжымы еді. Ендеше, тағы да халқымыздың ұлан-асыр жаңа жыл тойы құтты болсын» деп тілек білдірді депоның кәсіподақ жетекшісі Боранбай Хамиев.

Спорттық сайыс барысында арқан тартудан 1-орынды депо құрама командасы, ал 2-орынды локомотившілердің 3-бригадасы жеңіп алды. Кір тасын көтеруден 1-ші орынды Қайырлиев Райымбек, армрестлингтен Өтегенов Нұрлыбек жеңіп алды. Жеңімпаздарға сыйлықтар табыс етіліп, ардагерлер мен қадірменді қонақтармен қатар үздік ұлттық киім үлгілері де сый-сияпатсыз қалмады.

«Наурыз мерекесі соңғы екі жылда пандемияға байланысты тойланбай қалған еді. Биыл қауіп-қатер төмендеп, босаңдық берілгесін ұжым болып атап өтуді қолға алдық. Халық та көптен бері салтанатты шараны сағынып жүрген еді, жаппай қатысып, тамаша той болды. Еліміздің бірлігі артып, наурыздан наурызға аман жете берейік», – деді депо басшысы Қуаныш Таутанов.

*Суреттерді түсірген автор*

# МИР И СОГЛАСИЕ – КАЖДОМУ ДОМУ

**В рамках празднования Наурыза сотрудники предприятий установили 6 юрт и организовали народные гулянья. Импровизированный этноаул расположился на площади Дворца культуры железнодорожников станции Караганда-Сортировочная.**

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда



С раннего утра возле каждой юрты были установлены котлы с пловом и наурыз-коже. Женская половина заботливо хлопотала в юртах, накрывая праздничные столы. Согласно традиции, на каждом дастархане находились баурсаки, иримшик, изюм, курт. Хозяйки были рады каждому гостю, заглянувшему на огонек.

– В ШЧ-19 насчитывается 400 человек, а в ЭЧ-11 – около 220. Юрта установлена силами двух этих коллективов, проявивших сплоченность и корпоративных дух. Богатый праздничный дастархан накрыт сотрудниками отдела кадров и технической документации. Мы рады всем, кто приходит к нам, – подчеркивает председатель профсоюзного комитета ШЧ-19 Жантай Нуркенов.

В уютное жилище заглянул электромеханик энергоучастка с 40-летним стажем Кыдырбай Айтмаганбетов с супругой Алией.

На протяжении многих лет он занимается подачей электроэнергии на подстанциях железнодорожных участков, чтобы составы без сбоя курсировали по стране. Дети супругов Айтмаганбетовых – железнодорожники. Дочь работает оператором на станции Мырза, а сын вагонником.

– До выхода на пенсию оставались считанные дни, поэтому праздничные и выходные дни стараюсь проводить в кругу коллег. Я люблю свою работу, она приносит мне удовлетворение и радость. Каждый день я вижу плоды своего труда, – делится эмоциями железнодорожник. – А еще я рад, что живу в многонациональной стране, где царит согласие и мир.

На протяжении всего дня в каждой юрте звучали слова с пожеланиями благополучия и добра.

Праздничное мероприятие завершилось концертом, организованным артистами Дворца культуры и сотрудниками железнодорожных структур.

*Фото автора*

# АЛМАТЫ ВСТРЕЧАЕТ ВЕСНУ

**С песнями и танцами встретили весенний праздник Наурыз работники Алматинского отделения грузовых перевозок и отделения магистральной сети. Здесь раскинулся настоящий аул с нарядными белоснежными юртами. Прекрасные мелодии кюев, расставленные казаны на треногах, разноцветные шары – все это придавало особую атмосферу, пропитанную праздничной аурой, напоминало о приходе весны.**



**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

– Наши предки называли Наурыз великим праздником. В этот день забывались раздоры, людей сближали весна, обновление, зарождение новой жизни, – поздравляя коллег, сказал директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов.

Убеленные сединой старцы, ветераны отрасли произносили слова напутствия. За праздничным дастарханом угощали наурыз-коже, пловом, кумысом и шубатом.

В честь праздника лучшим сотрудникам от руководства отделения вручили почетные грамоты, в их числе ревизор безопасности по локомотивному хозяйству Алматинского отделения ГП Айдын Увалиев, начальник хозяйственного сектора Гульмира Джасыбаева, коммерческий ревизор Азамат Курманбаев, инженер вокзала Алматы-1 Абдулла Мырзакул и другие.

С древних времен на Наурыз проводили различные состязания, где джигиты демонстрировали свою ловкость, силу и храбрость. Неудивительно, что эту замечательную традицию продолжают и в наше время, тем самым придавая празднику особый колорит.

В Алматинской дистанции пути также встретили весну с размахом. Мини-футбол здесь является массовым видом спорта, в этот раз соревнования были между командами дистанции. Молодежь также поиграла в национальные игры аркан тарту, асык, аударыспак.

И даже дождь не смог омрачить торжества праздника и хорошего настроения.

*Фото автора*

# СОГРЕЛИ СЕРДЦА ВЕТЕРАНОВ

**Сотрудники регионального филиала «Северный» АО «Пассажирские перевозки» совместно с профсоюзом тепло поздравили работников отрасли, вышедших на заслуженный отдых, с праздником Наурыз и вручили им продуктовые корзины.**

**Айлин БАУРЖАН,**
Нур-Султан

Председатель первичной профсоюзной организации регионального филиала «Северный» АО «Пассажирские перевозки» Жетен Есильбаев и начальник Астанинского участка филиала «Северный» Бауржан Аяпбергенов посетили на дому уважаемых железнодорожниц Надежду Лукьянову и Лидию Акопян. Они пожелали ветеранам отрасли доброго здоровья на долгие годы, хорошего настроения, тепла и любви близких и родных.

Надежда Лукьянова на стальной магистрали проработала около 20 лет. В 1993 году устроилась в Целинтрансстрой в служебный вагон. После прохождения трехмесячных курсов обучения стала проводником пассажирского поезда по направлению Целиноград – Барнаул.

– Большое спасибо за внимание. После выхода на пенсию не могу сидеть сложа руки, стараюсь быть в курсе событий. Ведь моя главная заповедь – не давать себе покоя, – поделилась секретом своей активности Надежда Лукьянова.

К слову, в этот день павлодарские и карагандинские железнодорожники также навестили своих ветеранов, поздравили с праздником Наурыз и вручили продуктовые корзины с товарами первой необходимости. Пенсионеры были очень рады заботе и вниманию. Они пожелали процветания и здоровья работникам АО «НК «ҚТЖ».



Кроме того, в честь праздника АО «Пассажирские перевозки» совместно с арендаторами вагонов-ресторанов организовали бесплатное угощение клиентов наурыз-коже, баурсаками и другими национальными блюдами. Благодаря этому, даже находясь в пути, пассажиры почувствовали домашний уют и смогли по всем традициям проводить зиму и встретить весну.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# НАУРЫЗ – ЭТО ВСЕГДА РАДОСТЬ!

**Дружно, весело встретили весенний праздник на предприятиях железной дороги Защитинского региона. Несмотря на пасмурную погоду, людям было тепло друг с другом. А это, пожалуй, самое главное на любых торжествах.**

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск



В Оскеменском эксплуатационном вагонном депо поставили для своих работников, гостей – пенсионеров, представителей других предприятий, Совета ветеранов Защитинского узла, профсоюзного актива – большую белую юрту, приготовили традиционный наурыз-коже, горячий чай, сладости, курт, иримшик, вкусный плов. С самого утра 18 марта здесь азартно соревновались спортсмены – в настольном теннисе, армрестлинге, перетягивании каната. И было заметно, что делали они это с большим удовольствием. Ведь сейчас пока спортивные состязания проводятся не часто.

Заместитель директора Семейского отделения магистральной сети Алибек Шуманов в своем поздравлении пожелал всем счастья и здоровья, семейного благополучия.

– Чтобы у вас всегда был такой дастархан, – добавил он.

Ветераны, которые выразили благодарность за приглашение, преподнесли начальнику Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Ермеку Смагулову подарок.

– Желаю блага каждой семье, чтобы нам всем чаще собираться по хорошему поводу, – обратился к гостям Ермек Смагулов.

Он зачитал распоряжение о поощрении отличившихся железнодорожников из ТЧЭ-22 за безупречный добросовестный труд, вклад в развитие железнодорожной отрасли. Почетные грамоты получили более десятка человек, среди которых дежурный основного локомотивного депо Анатолий Климов, слесарь-инструментальщик Андрей Снегур, старший мастер Виктор Шкуропатов, машинист компрессорной установки Сергей Виноградов, ведущий инженер по охране окружающей среды Куралай Макеева, а также несколько машинистов тепловозов и помощники машинистов.

За праздничным столом в Оскеменской дистанции сигнализации и связи бата дал Почетный железнодорожник, председатель Совета ветеранов Защитинского узла Кусаин Кожахметов. Он пожелал всем мира, здоровья и благоденствия, дальнейшего развития железнодорожной отрасли страны.

Более 120 человек, из которых 35 пенсионеров, собрали в ресторане микрорайона «Защита» в Усть-Каменогорске руководители станции Оскемен-1. Они устроили праздничный концерт, веселые и зажигательные конкурсы. Сами работники столь искусно исполняли каражоргу, танцы народов мира, что казалось это профессиональные артисты. Было много музыки, смеха, вкусной еды.

Начальник станции Оскемен-1 Марат Уалиев уделил большое внимание пенсионерам, бывшим работникам станции. А те особенно радовались празднику, ведь многие из них давно не выходили из дома, а здесь отличная возможность пообщаться друг с другом. Угощения хватило всем, их даже передали тем, кто заступал в ночную смену.

Такие же мероприятия провели и на других железнодорожных предприятиях Защитинского региона. К примеру, в Кумыстауской дистанции пути прошли торжественные мероприятия, фуршет, конкурсы и спартакиада по мини-футболу и настольному теннису.

Кстати, 18 марта профсоюзный актив предприятий железной дороги встретил Наурыз со своими коллегами из Территориального объединения профсоюзов ВКО. Представитель Центрального совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева произнесла теплые слова поздравления, а помощник машиниста Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Рустам Толехунов исполнил душевную песню.

*Фото автора*

**В концепцию празднования Наурыза, предложенную Президентом страны Касым-Жомартом Токаевым, вошел День добрых дел. И его решили поддержать молодые железнодорожники Карагандинского отделения магистральной сети.**

# ЭСТАФЕТА ДОБРЫХ ДЕЛ

**Лана ВЕРШИНИНА,**
Караганда

Так, ими проведена благотворительная ярмарка, на которой девушки в национальных костюмах предлагали посетителям ароматную свежеиспеченную продукцию за невысокую цену. Вырученные от продажи деньги пошли на помощь многодетным семьям станции Акадыр.

Эстафету добрых дел подхватили коллеги-железнодорожники филиала ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП». По такому же принципу молодые сотрудники собрали деньги двум нуждающимся семьям.

Как отметил региональный представитель по делам молодежи Мади Абенов, карагандинские железнодорожники никогда не остаются в стороне, если кто-то нуждается в помощи. В очередной раз они показали активность и сплоченность, действуя по общеизвестному принципу «В единстве наша сила».




– Подобного рода мероприятия актуальны именно сейчас. Необходимо проявлять внимание по отношению к пожилым людям, помогать нуждающимся, говорить друг другу теплые слова. Тогда год будет удачным и плодотворным, – резюмировал Мади Абенов.

*Фото автора*

# ВМЕСТЕ С ПРОФСОЮЗОМ

**Достойно и по-весеннему отпраздновали светлый праздник Наурыз в Костанайском регионе.**

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

Начался праздник с розыгрыша подарков для работников филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение грузовых перевозок» и филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети», организованного совместно с Костанайским филиалом «Казпрофтранс», профсоюзными комитетами Костанайского отделения грузовых перевозок и Костанайского отделения магистральной сети. Праздник был посвящен также 30-летию профсоюза.

Прямо у входа в здание отделения работники профсоюза встречали своих коллег с мешком с лотерейными билетами. Счастливчики, вытянувшие призовой билет, тут же получали подарки: набор инструментов, гриль-решетки, предметы быта, кухонные принадлежности и другое. Кроме того, на втором этаже гостей ждал праздничный фуршет. Накрытый стол ломился от угощений – наурыз-коже, бесбармака, баурсаков, сладостей и других лакомств.



Заместитель директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение грузовых перевозок» Ерден Аманов поздравил работников станций и предприятий региона по селекторной связи. К поздравлениям присоединилось руководство филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» и профсоюза. Здесь же были озвучены имена наиболее отличившихся работников обоих отделений – всего 40 человек, которым вручили благодарственные письма от руководства.

– Это светлый весенний праздник для всех нас, – сказал, поздравляя коллег, Ерден Аманов. – Отмечая его, мы воздаем дань нашим главным ценностям: миру, согласию, дружбе между этносами, проживающими в нашей стране. Этот день символизирует возрождение и обновление, открытость и толерантность. Многотысячный коллектив нашей компании вносит свой вклад в устойчивое развитие экономики, реализацию задач по укреплению транспортно-логистического комплекса Казахстана, вхождению в региональную и мировую транспортную сеть. Дорогие коллеги! Пусть праздник Наурыз принесет вам и вашим близким радость, счастье, добрые надежды!

Праздничные мероприятия в этот день проводились также в Костанайском филиале военизированной железнодорожной охраны, организованные по инициативе директора Олжаса Мырзахметова. Здесь, по традиции, акцент делался на спортивные состязания: стражи железнодорожных грузов поднимали гири, перетягивали канат. Венчал спортивные достижения праздничный обед.

*Фото автора*

КТ rail-news.kz

№20-21 (2735-2736) 25/03/2022

# ТЕМІРЖОЛШЫ ҺӘМ АҚЫН

РУХАНИЯТ

**Темір жол – өз қатарына сан салалы мамандармен қатар өне бойына өнер тұнған жандарды да тарта білген сала. Кәсіби қызметтерімен қоса олар қоғамдық салада осы өнерлерін паш етіп жүреді. Мақат ауданының Құрметті азаматы Мынтұрғанов Қуат ағамыздың да тұла бойы тұнған өнер.**




**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

1950 жылы Мұқыр станциясында дүниеге келген ол 16 жасынан темір жолда жол жөндеуші болып жұмыс істеген. Таңның атысы, күннің батысы белі қайысып, ауыр жұмыста жүріп-ақ суырыпсалмалық өнерімен танылып, «ақын бала» атанады. Алматы темір жол техникумын 1973 жылы жолшы мамандығы бойынша бітіріп, ширек ғасыр Доссор станциясында жол бригадирі, жол шебері қызметтерін атқарады.

– Жолшы болу оңай емес. Темір жолдың әр қарысына дейін жауаптысың. Қисайса түзейсің, бұзылса жөндейсің, шпалы шірісе ауыстырасың, шебіні босаса шегендейсің, біздің кезімізде осы жұмыстың бәрі қол күшімен атқарылды. Кезінде баспасөзде, одан әкімшілік жұмысты да атқардым, бірақ «ат айналып қазығын табар» демекші, айналып темір жолға қайта оралып, осы жерден зейнетке шықтым, – деп еске алады Қуат аға.

Қуат Жолболдыұлы бала күнінен кітапқұмар болды, көп оқитын. Ал поэзия әлемі – оның екінші тынысы. Аудандық, облыстық ақындар айтысына қатысып, бірнеше дүркін жүлделі орын иеленді. Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін өндірістен қол үзбей жүріп оқып бітіріп, аудандық «Мұнайшы», облыстық «Каспий капитал» газеттерінде меншікті тілші қызметтерін де атқарды.

Қуат ағаның сөзіне жазылған «Сағыз аруы», «Аңсағаным сен ғана», «Ару әні», «Ақ әжем», «Жарыма», «Өзіңді жаным іздеймін», «Аман жүрші қашан да, нағашылар», т.б. халықтың сүйікті әніне айналып, ел аузында орындалып жүр. «Таң самалы», «Сары даланың сарыны», «Мұнайлы менің мекенім», «Көңілімнің шуағы» жыр жинақтарының авторы. Шығармалары «Кел Мақатқа», «Алтын бұлақ», «Ауылым – алтын бесігім» жинақтарына енген.

Сонау бір жылдары жол шебері Қуат Мыңтұрғановқа жергілікті атқамінерлер тарапынан поселкелік әкімдікте жұмыс жасау ұсынысы түседі. Ширек ғасыр еңбегі сіңген теміржолын қимағанмен, ауданның дамуына, әсіресе өңірдің темір жол саласындағы күрмеулі мәселелерді шешуге септігім тиер деген оймен келісім берді. Доссор кенті әкімінің орынбасары болып тағайындалды. Бұл қызметті де талай жыл абыроймен атқарып, ауылдың дамуына өз үлесін қосумен қатар жергілікті теміржолшылармен қоян-қолтық жұмыс істеп, талай мәселені шешуге атсалысты. Бірақ кейінгі жылдары бәрібір жаны қалайтын теміржолға қайта оралды. «Доссор-сервис» мекемесінде аға тауар операторы болып зейнеткерлікке шықты.

Қуат ағаны әр жылдарда еңбек еткен салаларына қарай біреулер теміржолшы, біреулер мемлекеттік қызметкер, біреулер журналист деп таниды. Жетпіс жылдығына орай жергілікті әкімдік пен мәдениет саласының өкілдерінен шығармашылық кешін өткізу туралы ұсыныс түскен, бірақ карантинге байланысты кейінге шегеріліп келген. Жуырда Мақат ауданы әкімдігінің қолдауы және Доссор мәдениет үйінің ұйымдастыруымен шара кең көлемде аталып өтті. Ән мен жырдан құрылған кеште ізгі тілектер мен құттықтау жаңбырдай жауды. Аудан жұртшылығымен қатар теміржолшы әріптестері де қатысып, ақжарма тілектерін арнады. Мыңтұрғанов Қуат жұбайы, ұлағатты ұстаз Тыныштық апай екеуі 2 ұл, бір қыз тәрбиелеп өсіріп, олардан бүгінде 7 немере-жиен сүйіп отыр. Әке жолын бүгінде ұлы Талғат жалғастыруда. Ол вагон жөндеу депосында көп жылдардан бері еңбек етіп келеді.

*Суретті түсірген автор*

# АБАЙ ЕЛІНІҢ АРДАГЕРІ – 85 ЖАСТА

МЕРЕЙТОЙ

**Мамандыққа деген шексіз сүйіспеншілік адамды қашанда абырой биігіне көтереді. Жігерлі жастық шағы мен өмір бойғы қажыр-қайратын теміржол саласына арнап, үлкен сый-құрметке бөленген ардагерлер аз емес. Солардың қатарында семейліктер үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ консультативтік кеңесінің мүшесі, Құрметті теміржолшы Қырықбай Әлсейітовтің орны бөлек.**

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей



Қырықбай Әлсейітұлы – Түрксіб құрылысшылары тұрғызған, теміржолшылар қаласы атанған Аягөздің тумасы. 1937 жылдың 25 наурызында өмір есігін ашыпты. Ал, 1954 жылы орта мектепті тәмамдаған соң сол тұстары күллі одақ көлемі бойынша іргелі оқу орны саналатын Ташкенттегі теміржолшылар институтына оқуға түседі. 1959 жылы оны үздік бітіріп, Аягөз локомотив депосында еңбек жолын бастайды. Өндірістегі өнімді еңбегі мен алғырлығы оны лауазым баспалдақтарымен алға бастайды. Арада көп уақыт өтпей-ақ, Қырықбай Әлсейітұлы Шар локомотив депосының басшысы болып тағайындалды. Бұл кезде ағамыз небары 25 жаста еді. Аз уақыт ішінде тәжірибе жинап, басшылық сеніміне ие болу оңай шаруа емес. Дегенмен, жігерлі жас үмітті ақтай білді. Бүгінде осы станцияның қарт теміржолшылары Қырықбай ағамыз атқарған шаралар жайлы тамсана айтып береді. Сіңірген еңбегіне орай Шар қаласының Құрметті азаматы атанды.

Қырықбай Әлсейітов сол жылдары өндірістік эстетика бойынша елеулі жұмыстар атқарады. Теміржолшылар клубын салып, жұмысшылар игілігі үшін жаңадан цехтар, асхана ғимаратын тұрғызуға мұрындық болды. 1930 жылдары салынған ескі нысандарды қайтадан күрделі жөндеуден өткізіп, теміржолшылар игілігіне берді.

1966 жылы ағамызды сол тұстардағы Гурьев облысындағы Мақат локомотив депосының басшысы болып тағайындалды. Елдің батысындағы бұл станцияға қатардағы теміржолшылар былай тұрсын, мықты деген мамандар басшылық қызметке баруға жүрексінетін еді. Шөлейтті, тұрмысқа қолайсыз өңірдегі еңбек те өте ауыр болатын. Мақат-Маңғышлақ-Жаңаөзен, Гурьев-Ганюшкино-Ақсарай аралығындағы 9 пунктті локомотив шаруашылығымен қамтамасыз ету осы депоға жүктелген болатын. Ұзындығы 705 шақырым болатын Мақат-Ақтау аралығындағы жолдың жауапкершілігі де оңай жүк емес еді. Сол жылдары Маңғыстау түбегінде уранның мол қоры, мұнай минералдары игеріліп жатқан болатын. Жаңадан ашылған кеніш көздеріне тартылған теміржол желілерінде тәулік бойы қозғалыс қауырт болды.

«Жас келсе – іске» деген нақылды жадына тоқыған Қырықбай Әлсейітұлы мұнда да іске білек сыбана кірісті. Шағын ғана түтіні бар Мақат станциясына 1 500-дей маманды жұмысқа тарту қажет болды. Теміржолшы кадрларды Ресей, Украина мен Белоруссиядан шақырды. Бұрындары Шу локомотив депосында аға мастер болған Георгий Авдеевич Заварзинді бас инженер етіп алды. Мақат аудандық партия комитетінің ұсынысымен Өтежан Қазымбаевты кадр бөлімінің бастығы етіп тағайындады. Шар станциясындағыдай күрделі құрылыс нысандарын салуды Мақатта да жалғастырды. Үлкен қазандықты депоның теңгеріміне алып, қайта жөндеп қолданысқа берді. Жүктелген сенім мен артылған тапсырма орындалып жатты.

Бұл Қырықбай Әлсейітұлының біз білетін қайраткерлігінің тек бір парасы ғана. Сол тұстардағы Гурьев, бүгінгі Атырау жол бөлімшесінің бас инженері, Семей жол бөлімшесінің бас инженері болып қызмет еткен шақта өндірістің өрге басуы мен тепловоз шаруашылығының өркендеуіне қосқан үлесі зор екенін көз көргендер айтады. Мәселен, Аягөз локомотив депосында қосымша цех салдырып, Мәскеу жоспардан шығарып тастаған ғимаратты үлкен қазандыққа айналдырғаны неге тұрады?! Сағатына 22 тонна бу бере алатын, күші жоғары бұл қазандық игілігін тек теміржол ғана емес, қала халқы да көре алды.

«Еңбек ер атандырады» деген сөз бар, сондықтан да болар, Қырықбай Әлсейітов – басшылық құрметіне көп кенелген теміржолшының бірі. «Құрметті теміржолшы» белгісінен бастап, «Адал еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Құрмет белгісі», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «КСРО теміржолына 150 жыл», «Қазақстан теміржолына 100 жыл», тағы басқа толып жатқан Құрмет грамоталары мен еңбек кітапшасына жазылған алғыстар тарлан теміржолшының ерен еңбегінің айғағы емей, не?!

Еңбексіз отыра алмайтын Қырықбай Әлсейітұлы бүгінде тек Семей ЖТ бөлімшесі бойынша ғана емес, күллі Қазақстан темір жолы ұлттық компаниясы бойынша да қоғамдық жұмыстарға белсене араласуда. Бүгінде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ төрағасы жанындағы консультативтік кеңес мүшесі, Семей жол бөлімшесі бойынша ардагерлер кеңесінің төрағасы болып қажырлы жұмыс жүргізуде.

Биылғы наурыздың ардагер ақсақал үшін орны бөлек. 85 жастың асқаралы асуына шығып отырған қадірменді қария Семейдің Абай облысы болып қайта ашылғанына бек қуанышты екенін жеткізді.

«Үй маңында төбе болса – ерттеулі тұрған атпен тең, ауылыңда қартың болса – жазулы тұрған хатпен тең» деген бұрынғылар нақылы осындайда еске оралады. Өмірден көргені көп, түйгені мол «дария кеуде, тау мүсін» осындай қарттарымыз арамызда ұзақ жүрсін...

*Суретті түсірген автор*

# ШОЙЫН ЖОЛДЫҢ ШЕЖІРЕЛІ ТАРИХЫ

МҰРАЖАЙ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық кеңесінің әкімшілік ғимаратында орналасқан орталық теміржол мұражайы қорында теміржолшы-ардагерлер күшімен жиналған 800-ден астам жәдігер бар. Осыдан 12 жыл бұрын ашылған музей бүгінде теміржолдың арғы-бергі шежірелі тарихынан сыр шертетін орынға айналған.**



**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан

Құнды жәдігерлер қатарында рельстер коллекциялары, қолшамдар, құрал-аспаптар, теміржол көлігі макеттері, марапаттар, ескерткіш белгілері, жеке құжаттар, тағысын тағы материалдар бар. Музей теміржолдың үш даму кезеңін қамтитын тақырыптық залдардан тұрады. Бірінші залда қазақ даласында теміржолдың пайда болуы, Түрксіб құрылысы көрініс тапқан. Екінші залдан қазақ теміржолының құрылуы, негізгі үш жолдың, яғни Тың, Алматы және Батыс жолдарының қалыптасуы туралы ақпарат алуға болады. Ал үшінші зал Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарында салынған теміржолдарға арналған. Залда 1954-1960 жылдар аралығында тыңның игерілуі, 1958-1977 жылдар аралығында өмір сүрген Қазақ темір жолы, электрлендіру және автоматтандыру кезеңі, сондай-ақ, 1977 жылы үш теміржол басқармасының құрылуы мен қалыптасуы сияқты тарихи оқиғаларға кеңінен орын берген. Музейде тарихи оқиғалар ғана емес, саланың қаһармандары туралы, еңбек даңқы – еңбек ардагері галереясы, сондай-ақ, теміржол әулеттерінің құрметіне мәуелі ағаш сипатында жасалған стенд қойылған.

Мәселен, музейдің бірінші залында қазақтың атақты суретшісі





Әбілхан Қастеевтің «Түрксіб» туындысы тұр. Қылқалам шебері әйгілі туындысында, заңғар таулардың көркем келбеті, туған өлке төсін еркін жайлаған жұрттан сүйінші сұрап, кең жазира атырапты қақ тіліп, көк түтінін будақтата келе жатқан отарба жаңа дәуірдің салтанат құрған ұлы көші екенін білдіре отырып, уақыт пен заман тынысын көрсетеді. Көпшілік Қастеевті суретші ретінде біледі, алайда, ол еңбек жолын осы Түрксіб теміржол құрылысында жер қазушы болып бастағанын екінің бірі біле бермесе керек.

Бірегей экспонанттар қатарында 1880 жылғы Ресей теміржолдарының облигациялары, 1915 жылғы паровоз тақтайшасы, 1930 жылғы станциялық қоңырау, 20-ғасырдағы жылжымалы құрамға қызмет көрсетушінің мундирі, станция бастығының жұмыс орны, 1951 жылғы жезл аппараты, Морзе телеграф аппараты, 20-ғасырдың екінші жартысындағы механикалық баспа машинкалар, сондай-ақ, 1972 жылы шығарылған 20-30 номерге арналған СТУ 30/72 коммутатор, тағы басқа жәдігерлер бар.

«Мұндай коммутатор Алматы, Ақтөбе музейлерінде де бар. Біздің коммутатор 20-30 линияны автоматты түрде қосқан. Нұсқамасы да бар. Әр номердің үстінде әрбір желінің атауы болған. Шұғыл жағдайда Орталықпен тікелей байланысқа шығу мүмкіндігі болған», – дейді музейге жетекшілік етіп жүрген «Қазпрофтранс» ҚБ филиалының менеджері Ақмарал Молдашева.

Енді бір жерде 1894-1986 жылдар арасында қолданылған рельстерді, бір бұрышта 1904 жылы жапондық технологиямен жасалған құбырдың әлі күнге мұқалмай тұрғанын көріп, таң қаласыз. Ресей темір жолдарының бұрынғы басшысы Якунин мырзаның ҚТЖ-ның 110 жылдығына берген 3 келі 925 пробалы таза күмістен жасалған сыйлығы да көрнекті жерден орын алыпты. Ал анау жерде тыңды игеру кезінде пайдаланған алғашқы астық тасушылар макеті бар.

Тәуелсіз Қазақстан теміржолдары залында егемендіктің 30 жылында орын алған айтулы оқиғалар сыр шертеді. Жаңа жолдардың ашылу салтанатынан алтын жалатылған үлкен символикалық кілттер, Елбасы Н.Назарбаевқа тарту етілген жол жүру билеті, «Нұрлы жол» теміржол вокзалы кешенінің макеті, тағысын тағы. Ал 2021 жылы музей қорына М.Тынышпаев портреті сыйға тартылып, миллионыншы контейнер макеті сияқты жаңа экспонаттармен толыққан.

*Суреттерді түсірген*
*Александр ЖАБЧУК*

# СИМВОЛ ДОБРА И ЕДИНСТВА

**Насыщенную праздничную программу подготовили акмолинские железнодорожники в честь Наурыз мейрамы.**

Айлин БАУРЖАН,
Кокшетау




Сотрудники филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» подготовили для гостей музыкальные и танцевальные номера, продемонстрировали традиции и обряды казахского народа и организовали национальные спортивные конкурсы.

Они поздравили коллег, ветеранов отрасли с днем весеннего равноденствия. Под звуки домбры работники отделения представили на суд жюри обряды «қыз ұзату», «тусау кесу», народные игры «тоғызқұмалақ». Девушки подготовили прекрасные танцевальные номера.

– Для нас Наурыз мейрамы – особенный праздник, он объединяет все самое доброе и светлое. Его празднование способствует укреплению мира и дружбы, сохранению национальной уникальности, семейных ценностей, формированию бережного отношения к окружающей среде, природе, – отметил, поздравляя коллег-железнодорожников и. о. директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Әділхан Дакенов.

Кроме того, железнодорожники накрыли щедрый дастархан, где все желающие отведали традиционные угощения и главное праздничное блюдо наурыз-коже.

– Я очень рад находиться здесь. Поздравляю всех казахстанцев с Наурызом. Желаю крепкого здоровья, процветания и спокойствия нашей стране, – сказал председатель профсоюза филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Амангелды Турегожин.

Наурыз символизирует приход весны и наступление Нового года. Это также добрые традиции, переходящие из поколения в поколение. Поэтому его празднование предоставляет прекрасную возможность рассказать своим детям об особенностях праздника.

*Фото автора*

# ОТМЕТИЛИ С РАЗМАХОМ

**В Павлодарском регионе с размахом отметили день весеннего равноденствия. Так, в Павлодарском отделении ГП и во всех его структурных подразделениях были установлены юрты с угощениями, спортивные состязания и праздничный концерт. Кроме того, железнодорожники раздавали благотворительные пакеты и поздравляли пассажиров поездов.**




Мадина ЕЛЕУКЕН,
Павлодар



Отмечать светлый и долгожданный праздник Наурыз павлодарские работники стальной магистрали начали еще с 17 марта. Во всех отделениях накрывали дастархан с национальными блюдами и готовили плов. 22 марта для гостей и жителей города железнодорожники установили юрты и угощали наурыз-коже. Сотрудники поездных бригад решили поздравить и пассажиров поездов, на станции Екибастуз цехком во главе с начальником ездили по рабочим местам с поздравлениями. Кроме того, екибастузские железнодорожники раздавали благотворительные пакеты. Празднование наурыза, которому не помешали погодные условия, завершилось красочным концертом.

*Фото автора*

# СОБЛЮДАЯ ТРАДИЦИИ

**Более тысячи работников АО «НК «ҚТЖ» приняли участие в соревнованиях, посвященных Наурыз мейрамы.**



Любовь РОВБА,
Нур-Султан







В этом году впервые с начала пандемии праздник весны и обновления широко отметили в рабочих коллективах, на площадях во всех регионах Казахстана. Соблюдая добрые традиции предков, на Наурыз для железнодорожников организовали соревнования по таким видам спорта, как асык-ату, тогызкумалак, перетягивание каната, шахматы, настольный теннис, волейбол, мини-футбол, гиревой спорт, армрестлинг, а также эстафету «Папа, мама, я – спортивная семья!».

– Спортивные состязания являются неотъемлемой частью празднования Наурыз мейрамы. В столице у вокзального комплекса «Нұрлы жол» АО «НК «ҚТЖ» развернуло к празднику настоящий этноаул с насыщенной программой развлечений для детей и взрослых. Свое мастерство и ловкость в разных видах спорта продемонстрировали 125 железнодорожников Нур-Султана. В целом праздничные состязания охватили 1 027 железнодорожников по всему Казахстану, – рассказала менеджер департамента социальной политики АО «НК «ҚТЖ» Ольга Липчанская. – Руководство компании и отраслевого профсоюза уделяет особое внимание развитию спорта и популяризации здорового образа жизни среди работников. Наши спортсмены достойно представляют ҚТЖ на соревнованиях республиканского и международного уровня.

*Фото автора*

# КОНЦЕРТ ДЛЯ ПАССАЖИРОВ

**Профсоюзный комитет Карагандинского железнодорожного вокзала в день празднования Наурыза организовал приятный сюрприз для пассажиров – подготовил яркую весеннюю программу.**



Светлана МОГАЙ,
Караганда

В праздничном концерте прозвучали известные песни казахстанских композиторов в исполнении дежурной по вокзалу Жаншуак Кумаш, композиции на домбре, узбекский и казахский танцы с участием девушек ансамбля «Лаура».

По доброй традиции к пассажирам вокзала с поздравлениями обратился председатель Карагандинского филиала «Казпрофтранс» Яхия Альмусин. Он пожелал присутствующим счастья, благополучия и мира на земле.

В свою очередь главный инженер вокзала Серик Бажикаев подчеркнул, что концерт был организован силами профсоюзного комитета железнодорожного вокзала. Именно им пришла создания праздничной атмосферы для жителей и гостей города. Заботливые сотрудницы приготовили угощения и накрыли праздничный дастархан.

Своими эмоциями также поделились депутаты Карагандинского городского маслихата Марина Платонова и Елдос Жунусов. С их слов, железнодорожный вокзал считается визитной карточкой города, и люди, приехавшие из других городов, обязательно расскажут о гостеприимстве карагандинцев своим родственникам и друзьям.

– После реконструкции вокзал стал масштабным и современным. Здесь созданы комфортные условия для людей. Хотелось бы поздравить железнодорожников с праздником Наурыз, пожелать их семьям благополучия процветания и добра, – сказала Марина Платонова.

В течение часа на импровизированной сцене звучали различные музыкальные номера, но главной фишкой программы стала песня про АО «НК «ҚТЖ» – ее силу и мощь. Авторы этого музыкального произведения – сотрудники железнодорожного вокзала Караганды.

Пассажиры выразили благодарность организаторам мероприятия за прекрасное настроение и теплый прием, который они запомнят надолго.

*Фото автора*

## Преемственность



# ВСТРЕЧА ПОКОЛЕНИЙ

**Ветераны отрасли побывали на диспетчерских кругах и ознакомились с работой Регионального центра управления движением поездов (РЦУП) Юго-Восточного региона.**

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Представители старшего поколения ознакомились с диспетчерским аппаратом, а также узнали, что создание РЦУП обеспечит централизованный контроль поездного положения и управление движением поездов с отображением всех данных на единое коллективное табло, процесс передачи и получения информации о показаниях светофоров, стрелочных переводов, приближения поезда будет автоматизирован. Они пожелали железнодорожникам успехов в работе.

– У вас есть все условия для плодотворной работы, стремитесь к успеху и достижению поставленных задач, работайте с максимальной отдачей, – сказал ветеран отрасли Адиль Избекенов.

В век цифровых технологий диспетчеров не спешат заменить на умные машины. Диспетчерские круги укрупняют, поездные, маневровые и локомотивные диспетчеры продолжают работу в круглосуточном режиме. А ветераны региона принимают активное участие в вопросах воспитания и нравственности поколения железнодорожников, специалистов новой формации. Их ценный опыт, несомненно, укрепляет в железнодорожниках чувство гордости за свою профессию.

*Фото автора*

## Твои люди, магистраль!

# ГОРДОСТЬ ЗА СВОЙ ТРУД

**Более 41 года проработал на железной дороге ревизор движения Акмолинского отделения ГП Марат Айдарбеков. По его признанию, с годами менялись условия работы, текущие задания, применяемые технические средства, но цель всегда оставалась неизменной – обеспечение безопасности и здоровья пассажиров, сохранности грузов, бесперебойности транспортного сообщения.**

Руслан РАХМЕТОВ,
Нур-Султан



В эти дни Марата Абишевича с большим почетом, поздравлениями провожают на заслуженный отдых, с уважением и теплом железнодорожники рассказывают о своем коллеге. Неподдельное восхищение у них вызывает его трудолюбие и преданность любимому делу. Отдав 41 год безупречного труда железной дороге, из них 23 года он отвечает за самое важное направление – безопасность движения поездов. Вся его жизнь течет в ритме магистрали.

Первая запись в трудовой книжке Марата Айдарбекова сделана в Володарской МРБ. Отсюда в 1979 году он ушел в армию, а после демобилизации устроился механиком в Кокшетаутрансстрой. В разные годы Марат Абишевич работал дежурным по отделению, поездным диспетчером, дежурным по станции Кокшетау, регулировщиком скорости движения вагонов. Кроме того, на путевой машинной станции участвовал в строительстве вторых путей на участке Кокшетау-1 – Жана-Есиль. И на всех должностях он добросовестно и ответственно относился к выполнению своих обязанностей, показатели его работы всегда были на уровне.

– Исследования, анализ, обратная связь с железнодорожниками, контроль состояния железнодорожной инфраструктуры – вот ежедневная работа ревизора. Марат Абишевич прошел каждый километр магистрали, каждый работник знает его в лицо, – рассказывает директор ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Әділхан Дәкенов. – Он ответственный и грамотный специалист, имеет непререкаемый авторитет в коллективе, принципиальный и бескомпромиссный.

Сегодня Марат Айдарбеков не только постоянно совершенствует свой профессиональный уровень, но и делится своим богатым опытом с молодежью, его ученики занимают руководящие должности на железной дороге.

– Я благодарен судьбе за то, что стал железнодорожником, – подчеркнул Марат Абишевич. – Всем прекрасно известно, что это значит – высочайшая ответственность и гордость за свое дело.

За добросовестный труд, профессионализм он получил высокую награду – нагрудный знак «Адал еңбегі үшін». Также у Марата Абишевича есть почетные грамоты от имени руководства АО «НК «ҚТЖ».

– Он профессионал своего дела, который в самых непростых ситуациях всегда находился на передовой, ярко проявляя свои лидерские качества и организаторские способности в деле обеспечения безопасности движения поездов. От лица всего коллектива я благодарю Марата Абишевича за самоотверженный труд, за опыт и мудрость, – сказал Әділхан Дәкенов.

*Фото автора*

№20-21 (2735-2736) 25/03/2022

# МҰРАЖАЙ ҚАЙТА АШЫЛДЫ

ЖӘДІГЕР

**Астана локомотив пайдалану деподының музейі биылғы Наурыз мерекесі қарсаңында жаңартылып, қайтадан ашылды. Компания бойынша жарияланған Тарих күнінде салтанатты түрде тұсауы кесілген мұражайдың ашылуына депо басшылығы мен кәсіподағы айтарлықтай үлес қосты.**




**Райхан РАХМЕТОВА,** Нұр-Сұлтан

Ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізіліп, жылыту, жарықтандыру жүйелері ауыстырылды, өткен ғасырдың ауанын сезінуге мүмкіндік беретін экспозициялар жаңартылды. Қайта құру 8 ай бойы жүргізілді. Тарихи шынайылықты анықтау үшін жұмысқа «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының сарапшылары тартылды. Жаңартылған музейдің ашылу салтанатында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС локомотив шаруашылығы департаментінің бас менеджері Мақсұт Ибраев: «Темір жол — бұл тек бүгініміз емес, өткеніміз бен болашағымыз» деп баға берді.

«Музейді ашу баяғыда жоспарланған болатын, бірақ оған ковидке қарсы шектеулер кедергі келтірді. Тарихты сақтау, әрине, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады», – деп атап өтті депо директоры Дулат Ахмадиев. Жаңартылған музейде үш зал бар, онда сала тарихынан сыр шертетін көптеген құнды артефактілер қойылған. Экспозиция бөлімдері деponың қалыптасуына, Ұлы Отан соғысына қатысқан теміржолшыларға, сондай-ақ теміржолдың қазіргі тарихына арналған. Ақмола тарихын қайта құру бойынша бөлек зал да бар. Әр тарихи кезең үшін арнайы әуен таңдалған. Мәселен, әскери және соғыстан кейінгі кезеңге арналған залда «Вставай, страна огромная!» маршы ойналады. Музей экспонаттарының қатарын пойыз модельдері, құралдар, түрлі құжаттар, т.б. толықтырады. Ең «көнекөз» жәдігер тарихы 90 жылға таяу. Локомотив макеттерін шеберлер ағаштан және металдан ерекше дәлдікпен жасаған. Машинистер мен машинистердің көмекшілері, бұрынғы теміржолшылар музей қорын жинақтауға көп үлес қосыпты. Қазіргі зейнеткер, бұрынғы машинист көмекшісі Далабай Байғожин жарты жыл бойы тарихи фотосуреттер жинаған. Сирек суреттер арнайы фотоальбомға салынған.

Құрметті теміржолшы, машинистердің үшінші буынының өкілі, бұрынғы машинист-нұсқаушы, қазір құрметті демалыстағы Владимир Ульяненко – музей қорының сақтаушысы. Ол – темір жолдағы танымал және құрметті адам.

– Музейіміз 10 жыл бойы жабылып қалды. Бүгін біз оған жаңа өмір сыйладық. Теміржолға келген әр буын артына өз жетістіктерін қалдырып отырады. Жас ұрпақтың міндеті – эстафетаны ары қарай жалғастыру. Әр дәуірдің өз қолтаңбасы бар, ауыр салмақты пойыздар, электрлендіру, әскери кезең, т.т. ең алдымен, еңбек адамы тұр, – деді ол.

Музейде Владимир Ульяненконың жақсы көретін экспонаттары да бар. Мысалы, керосин қыздырғышы немесе ішінде «тінтуір» түріндегі шамы бар белгі беру шамдары. Ең құнды экспонаттың бірі – екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі кеңес халқының ерен еңбегін куәландыратын стахановтық үздік жұмысы үшін берілген Құрмет грамотасы. Музей есігі депо тарихымен танысқысы келетіндерге әрқашан ашық.

*Суретті түсірген Құрмет ЖАНБОЛАТҰЛЫ*

# ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖҮРЕК

**Адам баласының бір арманы ұзақ та ғибратты ғұмыр сүріп, ұрпағының өсіп-өнгенін қызықтау болса, Күлән әжей – осы арманы орындалған бақытты жан.**



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,** Қызылорда

Қызылорда жол бөлімшесінің Сапақ станциясында тұратын байырғы теміржолшы Күлән әже наурызда 100 жасқа толды. Айтуынша, «ол кезде туған күн дегенді кім біліпті, бертін келе паспорт алғанда ауылкеңес туған күнін 8 март деп жазып берген». Әйтсе де, анасы жер тоңы жібіп жатқан көктемде туғанын айтқан екен. Сондықтан, наурыздың әр күні Күлән әжейдің туған күні.

Сексеуіл жол дистанциясының бас инженері Елдос Жеткербай бастаған топ қарт ананы құттықтай барып, ақ батасын алды. Ұзақ жыл жолшы болып еңбек еткен Күлән Асанова қазіргі таңда анасының жолын жалғастырып, жол монтері болып еңбек ететін алпыс жастағы кенже ұлы Ақбергеннің қолында тұрып жатыр.

– Жүз жасаған адамды күнде көре бермейміз ғой, оның үстіне әжеміз кезінде біздің дистанцияда жұмыс жасаған, біздің есебімізде тұратын зейнеткер болғасын арнайы барып құттықтап, батасын алдық. Әжеміздің сөзі дәділ, қимылы ширақ екен, біздердің барғанымызға балаша қуанып, әңгімесін айтып, мәз-мейрам болды, – дейді кәсіподақ ұйымының төрағасы Көбейсін Рсмамбетов.

*Суретті түсірген автор*

# БІРЛЕСЕ ӘРЕКЕТ ЕТПЕК

ҚҰҚЫҚҚОРҒАУ

**Көліктегі полиция департаменті Маңғыстау желілік ішкі істер бөлімінің Сай-Өтес станциясындағы қызметкерлері теміржолшылармен кездесу өткізіп, бірлесе жұмыс істеу жолдарын талқылады.**

**Шахида ЖҰМАН,** Маңғыстау

Олар теміржолшылармен кездесуде ағымдағы жылдың 10-17 наурыз аралығында өткен «Мигрант» жедел профилактикалық іс-шарасы кезінде елде заңсыз жүргендерді анықтап, заңсыз көші-қон арналарының жолын кескен оқиғалар туралы айтып берді. Көші-қон ережелерін бұзған шетелдіктер және шетелдік жұмыс күшін тарту ережелері бұзылған жағдайда заңда көрсетілген тәртіппен қандай шараға тартылатынын да атап көрсетті.

Сонымен қатар 25 қаңтардан бері «Қару» жедел профилактикалық іс-шарасы өтіп жатқанын хабарлап, соған сәйкес заңсыз қару сақтау деректері болса, тәртіп сақшыларына хабарлап, оқ-дәрілерді тәркілеу және оларды сатып алу көздерін, оны заңсыз жеткізу арналарын анықтау бойынша теміржолшыларды бірлесе әрекет етуге шақырды.

– Заңсыз қару сақтау және алып жүрумен айналысатын тұлғалар мен ұйымдасқан қылмыстық топтарды әшкерелеу, отты атыс қаруымен жасалатын қылмыстардың алдын алу мақсатында осындай профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Осыған орай егер кімде-кім жоғарыда айтылғандай заң бұзушылықтарды көрсе немесе білсе, дереу ішкі істер органдарына хабарлауын сұраймыз. Теміржолда жолаушылар көлігімен адам көп жүретіндіктен мұндай деректерді анықтауда теміржолшылардың рөлі ерекше болуы тиіс, – деді Сай-Өтес ст. ЖПб басшысы Нұрлыбек Рахметов.

## Спорт



**Дружеские матчи по мини-футболу и волейболу среди команд филиалов ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки-Илецк» и Илецкого железнодорожного участка прошли в Соль-Илецке в рамках празднования национального праздника Наурыз.**

# ВЕСНА ИДЕТ, ВЕСНЕ ДОРОГУ!

Данный участок казахстанской железной дороги расположен на территории Российской Федерации, где Наурыз не является государственным праздником. Однако отмечается он здесь традиционно широко.

В частности, в Соль-Илецке празднование проходит в несколько этапов при поддержке местной администрации и национально-культурных объединений. Поскольку погода пока держится снежная и морозная, то все мероприятия проходят в помещениях.

Так, на базе физкультурно-оздоровительного комплекса «Юность» председатели профсоюзных комитетов Илецкого железнодорожного участка (ИЖУ) Ермек Шалабаев и ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки-Илецк» Максут Садыков организовали турниры по мини-футболу и волейболу.

Все участники соревнований были нацелены на победу и показали яркую, красивую игру, хорошую физическую форму и отличное настроение. Болельщики активно поддерживали своих спортсменов, создавая атмосферу настоящего спортивного праздника.

В турнире по мини-футболу первое место заслуженно заняла сборная ИЖУ, команда станции Илецк-1 (ДС) стала серебряным, а Илецкого эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-27) – бронзовым призером.

Волейбол оказался более популярным видом спорта, в турнире участвовали как мужские, так и женские команды. Борьба за призовые места велась нешуточная на каждом участке площадки. Все матчи проходили азартно, интересно, увлекательно. Это были по-настоящему праздничные соревнования.

У мужчин победителем турнира стала команда ТЧЭ-27, на втором месте команда станции Илецк-1 и на третьем – сборная ИЖУ.

В женском волейболе участвовали две команды. Победителем стала команда ИЖУ, на втором месте – сборная ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки-Илецк».

Спортивные мероприятия пропагандируют здоровый образ жизни, сплачивают коллектив, ведь в таких играх вырабатывается командный дух, воля к победе, стремление к коллективным достижениям, отметили профсоюзные лидеры илецких железнодорожников. Призеры соревнований были награждены грамотами и памятными призами. Но главное, все участники спортивного праздника получили заряд бодрости и прекрасное весеннее настроение.

**Яна МАРЬИНА,** *Уральск*
*Фото автора*

# ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ҮЗДІКТЕРІ

**Болашақ станциясында Наурыз мейрамына орай ұлттық спорт ойындарынан жарыс ұйымдастырылды.**



Білекті жігіттер алдымен қазақ күресінен бақ сынасты. Балуандар арасында Болашақ станциясының басшысы Мақсат Нұрбеков та бар. Ауыр салмақ бойынша алаңға шыққан ол жүлделі орынды жеңіп алып, Болашақтың балуаны атанды. Екінші орынды «Теміржолсу» қызметкері Мырзабай Тұрғанбаев алса, үшінші орынды өрт сөндіру пойызының қызметкері алды. 75 кг дейінгі салмақта бірінші және үшінші орынды Болашақ станциясының қызметкері Есен Қайырмағанбетов пен Сапарғали Файзұлла иемденді. Екінші орынды шекара қызметінен Айсұлтан Дауылбаев еншіледі.

Ерлер және әйелдер арасында өткен арқан тартыс жарысында станцияның қыздар және жігіттер командалары үшінші орынды иемденді. Одан басқа кір тасын көтеру және әйелдер арасында аударыспақ ойыны да болды. Тас көтеруде бірінші орынды электрмен жабдықтау дистанциясынан Нұрлан Құлжанов, екінші орынды жол дистанциясынан Жаңабай Ешмағанбетов, үшінші орынды әскери қызметкер Ерболат Макаров алды. Аударыспақ сайысында мектеп ұстаздары мен балабақша тәрбиешілерінің бағы жанды.

**Айсұлтан АРМАН,** *Маңғыстау*
*Суретті түсірген автор*

# ЛЕТИТ НАД ПОЛЕМ МЯЧ...

**Открытый двухдневный узловой турнир по футзалу среди работников стальной магистрали прошел в спорткомплексе «Жасыбай» города Екибастуза. В соревновании, приуроченном празднованию Наурыза, приняли участие девять команд.**



Оргкомитет профсоюзных комитетов узла Екибастуз в этот раз решил расширить масштаб спортивных состязаний, пригласив команды из ТОО «Богатырь Транс», «Береке 2004», «Проммаш.KZ», городской мечети. Железную дорогу представляли сборные ВЧД-16, НЖС, ГП, КВК. В первых двух группах команда ВЧД-16 и сборная ГП были фаворитами, которые и встретились в финале. В итоге победила команда ВЧД-16, второе место у ГП, тройку лидеров замкнула сборная мечети. Лучшим вратарем признан Мурат Абдулин (ВЧД-16), лучшим защитником – Аслан Жазкенов (мечеть), лучшим нападающим – Аскер Бабаев (Проммаш.KZ), лучшим игроком – Дияс Сарсенов (ВЧД-16), лучшим бомбардиром турнира признан Руслан Байзульдинов (сборная ГП).

**Айдана ЕРТАЙ,** *Павлодар*
*Фото автора*

# КРАСИВЫЕ ПОДАЧА И БРОСКИ

30 жыл бірлікте

**На Наурыз в Карагандинском регионе погода преподнесла неожиданный сюрприз. Весь день завывал буран, а скорость ветра составляла 20 метров в секунду. Однако это не помешало проведению на стадионе «Локомотив» станции Караганда-Сортировочная турнира по волейболу, посвященному 30-летию профсоюза.**



В спортивном мероприятии приняли участие 6 команд – ТЧЭ-14, ЭЧ-11, ОПЛП, ПЧМ Акадыр, АО «Вагон-сервис», санаторий «Арман».

По сложившейся традиции к присутствующим обратился председатель Карагандинского филиала «Казпрофтранс» Яхия Альмусин. Он пожелал участникам хорошей игры и позитивного настроя.

– Это первые соревнования по волейболу за последние три года, – отметил инструктор по спорту Карагандинского профсоюза Тагат Айманбетов. – Теперь мы будем проводить их на регулярной основе.

Игра между командами была насыщенной и интересной, с красивыми бросками и успешной подачей мяча.

В каждой команде по 6 игроков, и среди них есть свои ветераны спорта. К примеру, стаж волейболиста Николая Сарсекеева – более 40 лет. Со слов ветерана, он ведет здоровый образ жизни и готов принимать участие в соревнованиях в любую погоду.

В результате упорной борьбы первое место заняла команда ТЧЭ-14, на втором расположилась команда ЭЧ-11 и на третьем – ПЧМ Акадыр. Тройка победителей получила призы, предоставленные профсоюзом.

**Светлана МОГАЙ,** *Караганда*
*Фото автора*

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
**Дина Муздубаева**
Бас редактордың орынбасары
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 20 000**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
**Кезекші редакторлар:**
**Р. Рахметов, С. Бакесова**

**Меншікті тілшілер:**
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
**Шымкент:** Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76
**Қостанай:** Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**
**Асель Распаева,**
**тел.: 8 775 198 15 61,**
**e-mail: raspayeva.assel@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.